

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ БӨЛІМІ «БӘЙТЕРЕК» БӨБЕКЖАЙ-
БАҚШАСЫ**

**2025 ЖЫЛДЫҢ 11 СӘУІРІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ҚАМҚОРШЫЛЫҚ
КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ**

№ 5 ХАТТАМАСЫНЫҢ КӨШІРМЕСІ

Қатысқандар саны:

Бөбекжай – бақша әкімшілігі – 3

Қамқоршылық кеңес мүшелері - 7

Қатыспағаны: жоқ.

Күн тәртібінде:

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бәйтерек» бөбекжай- бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттауға дайындығы және өзін-өзі бағалау құжаттарын қорытындысымен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру туралы.

1. Тыңдалды. С. Сабденалиева / меңгеруші /

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 бабының 9 тармағына, 59 бабының 3,4 тармақтарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде бөбекжай – балабақшада 2022-2023, 2023-2024 және ағымды 2024-2025 оқу жылындағы қызметі өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізілгенін атап өтті. Білім беру сапасын нәтежелі түрде бақылуға алуды тапсырды. Бөбекжай – бақшада өзін- өзі бағалау объектілеріне сараптама комиссия мүшелері мұқият талдау жүргізді.

Атап айтатын болсақ : тәрбиленушілердің тізімдік контингенті, оқу-әдістемелік жұмыс, оқу материалдық активтер, кадрлық құрамға талдау жасалды. С.Сабденалиева педагогикалық қызметкерлерді 2025 жылдың 11 наурыз -10 сәуір аралығында атқарылған барлық жұмыстармен және өзін - өзі бағалау материалдарымен таныстырды.

Комиссия мүшесі Т. Коптилеуова сөз алып: Атқарылған жұмыстар бойынша объектілерге мұқият талдау жүргізілгені және типтік оқу бағдарламасының игеру деңгейлері, перспективалық жоспар, апталық циклограммалар туралы айтты. Бөбекжай-бақша қызметі нормативтік құжатарға сәйкес екенігін атап көрсетті . Бөбекжай-бақша педагогтері курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы кәсіби біліктіліктерін жүйелі түрде арттырып отырғанын, сонымен қатар тәрбиеленушілердің оқу жүктемесіне ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес сақталғандығын айтты . Сонымен қатар барлық атқарылып жатқан жұмыстардың Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына» сәйкес жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі А.Алтайбекова сөз алды: Бөбекжай-бақшада баланың дамуы және жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдай жасалғанын, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның мазмұны балалардың мүдделеріне сай екенін айтты. Өзін-өзі бағалау критерийлеріне сәйкес бөбекжай – бақша жұмысының қызметі жақсы деңгейде екені айтылды.

Шешім :

4. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бәйтерек» бөбекжай- бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттауға дайындығы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
5. Мемлекеттік аттестаттау кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізге алынсын.
6. «Өзін-өзі бағалау» құжаттары 2025 жылдың 14 сәуірге дейін дайындалып, өз уақытында уәкілетті ұйымға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:





С.С.Сабденалиева.

Хатшы:



Б.Н.Уразимбетова

Қамқоршылық кеңестің мүшелері :

	С.Қ.Ералы
	А.О.Алтайбекова
	Е.Н.Алиаскаров
	С.Б.Сағынбек
	Т.А.Абдуллаева
	К.Ж.Казимова
	А.Ж.Пирназова